

Серікбаева А.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада Ауылшаруашылық өндірістерін ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологияға негіздеу және еңбек өнімділігінің артуына тікелей әсер етуі көрсетілген.

Кілт сөздер: Жерлерді тиімді пайдалану, жерді қорғау, мемлекеттік бақылау жүргізу, өмір сүру ортасы, табиғи үрдістері, қоршаған ортаны қорғау, мемлекеттік бақылау, жерді ұтымды пайдалану, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер, инновациялық технологиялары.

Кіріспе. Мыңдаған жылдар бойы, шаруашылық және қоғамның дамуы нәтижесінде адамдардың өмір сүру ортасы, таза табиғаттан біртіндеп табиғи антропогендік және антропогендікке айналды. Табиғи үрдістер ортаның қасиеті емес, сонымен қатар қоғам және табиғаттың қарым-қатынасының мәселелері. Табиғатты пайдаланудың әртүрлі әлемдік, аймақтық, жергілікті деңгейдегі табиғи үрдістері мен жағдайларға байланыстылығы бақыланып отырды [1].

XXI ғасырдағы әлемдік жүйедегі өзінің өзектілігі алдыңғы орында тұрған, табиғатты - пайдаланудың экология-экономикалық мәселелері болып тұр. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы табиғатты пайдаланудағы дағдарыстың себепшісі, ұлттық экономика саласындағы соның ішінде ауылшаруашылығын экология-экономикалық тиімді пайдалану механизмдері әлемдік талаптарға сай келмеуінде жатыр. Еліміздің көптеген аймағындағы жерлердің 66% пайызы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дағдарысқа ұшыраған, оны қайта қалпына келтіру көптеген қаржы мен ұзақ уақытты талап етеді. Ауылшаруашылық жерлерін тиімді әрі экология-экономикалық жағынан таза өнімдер алу үшін білікті де білімді мамандар қажет. Елімізде 2007 жылы Елбасының тапсырысы бойынша «Экологиялық кодекс» жанданып және барлық қоршаған ортаны қорғауға байланысты талап пен іс-шараларды жүзеге асыруда осы құжат басшылыққа алынды [2].

Келесі шара – ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру. Аталған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні, ол ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялар мен сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру болып табылады. Соңғысы – жер пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Мемлекеттің басты әкімшілік функцияларына жататын мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты жер пайдалануда заңдылықтардың сақталуын бақылау болып табылады. Аталған функцияны агенттіктің өңіраралық жер инспекциялары атқарады [2].

Зерттеу әдістемесі мен материалдар. 2012 жылдың қорытындысы бойынша, агенттіктің жер инспекциялары көлемі 1,3 млн. га жерде 9 мыңнан аса пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтады. Сонымен қатар, көлемі 2,04 млн. га болатын 3,4 мың жер учаскелері иесіз учаскелер ретінде есепке қойылды

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты инспекция көлемі 1,6 млн. га жерде 1,6 мың тексеріс жүргізіп, жалпы көлемі 416,3 мың га жерде 894 жер заңнамасы нормаларының бұзылуын анықтады. Тексеріс нәтижелері бойынша 894 субъекті жауапкершілікке тартылды (ауылшаруашылығына белгіленген жерлерді тиімсіз

пайдалану немесе мүлде пайдаланбағаны үшін) оларға жалпы сомасы 17,9 млн теңге айыппұл салынды және 119 жағдайда ескерту түрінде әкімшілік шаралар қолданылды.

Нәтижелерді талдау. Көлемі 41,1 мың га болатын 9 жер учаскелері бойынша сот органдарына талап-арыздар дайындалды. Аграрлық сектордың иелік етуші субъектілеріне нысаналы белгіленген ауданы 583,3 мың га жерлерді пайдалану қажеттілігі туралы 5,1 мың ескерту хаттар жіберілді. Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын 480,2 мың га жерлер жер пайдаланушылардың иелігінен шығарылып, мемлекеттік меншікке қайтарылды. Жерлерді тиімді пайдалану бойынша мемлекет тарапынан жүргізілетін іс-шаралардың келесі бір бағыты, ол жер иелерінің өздері бастамашы болатын іс-қимылдар. Еліміздің заман талабына сай нарықтық экономикаға көшуіне байланысты, республикамыздағы ауылшаруашылық мақсаттағы жерлері негізінен мемлекеттік емес субъектілердің иелігіне көшкені аян.

Бүлінген жерлерді қалпына келтіру.

Ауданда пайдалы қазба байлықтарды барлау және өндіру барысында бүлінген жерлерде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

«Сайкан» ЖШС-нің тас көмір өндіру барысында карьерді пайдалану толық аяқталған жоқ.

«Қуат»ХК АҚ көміртегі шикізаттарын зерттеу бойынша геологиялық барлау жұмыстарын атқару барысында 3 скважинада 9,5 га жер учаскесін қалпына келтірді. Алдағы уақытта пайдалы қазбаларды өндіру аяқталғанда, бүлінген жерлерді қалпына келтіру көзделген.

Жел, су эрозиясына, әсіресе Қаратал, Дайыр, Сартерек, Ақарал ауылдық округтерінің суармалы жерлері көп ұшыраған. Бұның негізгі себебі – ішкі шаруашылық гидротехникалық құрылысының (лотоктар, су трубалары) жоқтығы, көктемгі – жазғы тасқындар және т.б. Су және жер эрозиясына қарсы келесі шаралар ұйымдастыру көзделген.

- топырақты аудармай жалпағынан өңдеу;
- терең сеялкамен астық себу;
- қорғаныс болатын орман белдеулерін отырғызу және т.б.

Еліміздің негізгі табиғи байлығы – ол жер ресурстары, экономикалық және әлеуметтік қамтамасыз етілуінің негізі.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық құрылымдарының реформаға ұшырау процестері жер қатынастарының түбегейлі өзгеру қажеттілігін және тікелей мемлекеттің басқаруы және бақылауы арқылы жер реформаларын жүргізу алғы шарттарын әкелді.

Рынок экономикасына көшу, жерге әр түрлі меншік құқығының, ақылы жер пайдаланудың, жердің жылжымайтын мүлік ретінде заңдылық тұрғысынан танылуы қажеттілігін және негізгі функцияларын сақтай отырып, өндіріс құралы ретінде заңдылық тұрғыдан реттелуінің қажеттілігін туғызды.

Осыған байланысты, еліміздің жер ресурстарының потенциалын тиімді пайдалану мен қорғаудың негізгі стратегиялық бағыттарын анықтау ерекше маңызды болып саналады.

Бағдарлама жерді тиімді пайдалану мен қорғаудың – қоғамның ортақ және жеке жер пайдаланушының мүдделері үшін бір-бірімен байланысты ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиоративтік және т.б. шараларды дамыту негізінде ұйымдастыру мен қамтамасыз етудің жаңа сапасына көшуге бағытталған.

Әдебиеттер

1. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж., Игембаева С.К. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы (оқу құралы). -Алматы 2008 ж. «Агроуниверситет».
2. Сейфуллин Ж.Т. ҚР-ның жер кадастры. –Алматы, «ҚазҰАУ», 2000 ж.
3. Жер туралы заңнамалар (нормативтік актілер жиынтығы). -Алматы 2007 ж.
4. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі№ -Алматы 2003 ж.

Серикбаева А.К., Магистрант

ОРГАНИЗАЦИЯ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ

В статье приведены результаты по сельскохозяйственные производства место выигрышное использование окружающей среде экологии, которая не приносит вред, основыванный труд на производство увеличивать показывает прямой влияние.

Ключевые слова: Места выгодное использование, место защищать, государственное контрольное ведение, середина жизни, природные тенденции, окружающую среду защищать, место государственный контрольный, выигрышное использование, места на цели сельского хозяйства, инновационные технологии.

Serikbaeva A.K Magistrant

Organization and rational use of earth of the сельскохозяйственного setting

To the article results are driven for agricultural productions place the winning use to the environment of ecology that does not blight, основыванный labour on a production to increase показывает of line influence.

Key words: Places the advantageous use, to protect a place, state control conduct, middle of life, natural tendencies, to protect an environment, place state control, winning use, places on the aims of agriculture, innovative technologies.

ӘОЖ 630*574,5

Тиленов А.А. *PhD докторант*

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ОРМАН ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Андатпа: Бұрынғысындай, орман пайдаланудың түрлерінің арасында осылар жергілікті тұрғындардың дәстүрлеріне және өмір салтына тән болып келетін ағаш дайындау, мал жаю және шөп шабу көп таралып отыр. Орман пайдаланудың кейбір бөлігі (рекреация, туризм және спорт) үлкен қалалардың маңайында дамып отыр. Бірақ орман пайдаланудың лайықты дамуын ала қоймаған бағыттары бар. Оларға, мәселен, ағаш шырындарын, екінші реттік ағаш шикізатын және шапқаннан кейінгі қалдықтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді және т.б. дайындау жатады. Сірә, бұл кәсіпкерлер